

АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ММ
«ДАРЫНДЫЛЫҚ ПЕН ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК «ДАРЫН» ОРТАЛЫҒЫ КМҚК

Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдық мерейтойына орай
«Әлемді кітап арқылы танымын» атты
облыстық балалар оқуы байқауын өткізудің
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Абай облысының білім басқармасы ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК ұйымдастыруымен қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл толуына орай «Әлемді кітап арқылы танымын» атты облыстық балалар оқуы байқауы өтеді.

Байқаудың мақсаты :

- жазушының шығармашылық мұрасын насихаттау, оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен сыни ойлау қабілетін дамыту, талантты және шығармашыл жастарды қолдау.

- оқушылар ақынның шығармаларының мазмұнын, кейіпкерлер бейнесін және автордың идеяларын қаншалықты меңгергенін анықтау.

Қатысушылар: Абай облысы білім басқармасының жалпы орта білім беретін мектептерінің, облыстық мамандандырылған мектептердің 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 сынып оқушылары қатыса алады.

Байқау қатысушыларына жазушының ұсынылатын шығармалары:

2–4 сынып: «Кел, балалар, оқылық!», «Әке мен бала», «Таза бұлақ», «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш», «Бақша ағаштары», «Мейірімді бала»;

5–6 сынып: «Бай баласы мен кедей баласы», «Өзен», «Ананың сүюі», «Атымтай жомарт», «Дүниеде не қымбат?», «Сараңдық пен жинақтылық»;

7-8-сынып: Ы. Алтынсариннің ағартушылық қызметі, «Өнер-білім бар жұрттар», «Жаз», «Қазақ хрестоматиясы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Дүние қалай етсен табылады?», «Талаптың пайдасы»;

Форматы: қашықтықтан, онлайн-тестілеу прокторинг жүйесінде өтеді. Байқауға қатысу үшін abaidaryn.kz сайтында тіркеледі.

Мерзімі: Байқау ағымдағы жылдың 14-30 сәуір аралығында өтеді. .

Байқауға тіркелу: 14-20 сәуір.

Өтетін күндері: 21-28 сәуір.

Қосымша ақпарат алу үшін: 8705 599 89 81